

Жамбыл облысы әкімиятының N 1013 тіркелген 2003 жылғы 13 маусымдағы " Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың Саки курортындағы Н.Н. Бурденко атындағы шипажайда емделуі және жол ақысына жеңілдік берудің Ережесін бекіту туралы" N 76 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімиятының 2004 жылғы 29 маусымдағы № 167 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет департаментінде 2004 жылғы 22 шілдеде № 1412 тіркелді. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 22 қазандағы 2015 жылғы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Жамбыл облысы әкімдігінің 22.10.2015 № 248 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 желтоқсандағы № 1758 қаулысымен бекітілген "Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын" одан әрі жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27 бабы негізінде және облыстық бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімиятының 2003 жылғы 13 маусымдағы "Жамбыл облысындағы омыртқа жұлыны ауыратын науқастардың Саки курортындағы Н.Н. Бурденко атындағы шипажайда емделуі және жол ақысына жеңілдік берудің Ережесін бекіту туралы" № 76 қаулысына (2003 жылдың 9 шілдесінде Жамбыл облысының әділет басқармасында № 1013 тіркелген және облыстық "Ақ жол" газетінің 2003 жылғы 19 шілдедегі № 85 (15252), облыстық "Знамя труда" газетінің 2003 жылғы 17 шілдедегі № 84 (15251) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) жоғарыда көрсетілген қаулының және осы қаулымен бекітілген Ереженің атауларындағы, сондай-ақ қаулының 1 тармағы мен Ереженің 1 тармағындағы " Саки курортындағы Н.Н. Бурденко атындағы шипажайда" сөздері "Қазақстан

Республикасының немесе ТМД елдерінің шипажайлық-курорттық мекемелерінде " сөздерімен ауыстырылсын;

2) Ереженің кіріспе бөліміндегі "2585100332" сандары алынып тасталсын;

3) Ереженің 1 тармағындағы "ары қарай шипажай" сөздері "ары қарай шипажайлар" сөздерімен ауыстырылсын;

4) Ереженің 2, 6 тармақтарындағы "шипажайға" сөзі "шипажайларға" сөзімен ауыстырылсын;

5) Ереженің 3 тармағындағы "және мүгедектерді емдеу - сауықтыру орнына ілестіріп апаратын тұлғаны анықтайды" сөздері алынып тасталсын;

6) Ереженің 4 тармағындағы "шипажайға" сөзі "шипажайларда" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары М.Н. Байбековке жүктелсін.

Облыс Әкімі

Б. Жексембин